

**Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 29/01 "Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 83/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 4052 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 47/02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 24.07.2020 № 47/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 281"Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 352 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13992 тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 29/01 "Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3824 тіркелген, 2016 жылғы 4 маусымдағы № 70 (22015) "Индустриальная Караганда", 2016 жылғы 4 маусымдағы № 89 (22194) "Орталық Қазақстан" газеттерінде және 2016жылғы 6 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

- 180 млн. теңгеге дейінгі кредиттер бойынша – алдын ала кепілхат не болмаса қаржы агенттігінің уәкілетті органының теріс шешімдерінің себептерін көрсете отырып, бас тартуы туралы хабарламасы;

- 180 млн. теңгеден жоғары кредиттер бойынша – Өңірлік үйлестіру кеңесі отырысының хаттамасынан көшірме."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*

*Н. Әбдібеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК